

## Көп балалы аналарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күші жойған*

Атырау облыстық Мәслихатының екінші сайланған XVI сессиясының 2002 жылғы 6 ақпандағы № 188-II шешімі. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 30 қаңтарда № 817 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 16-V шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2012.01.25 № 16-V шешімімен.**

Атырау облыстық Мәслихатының XV сессиясының 2001 жылғы 27 желтоқсандағы № 168-II "2002 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне сәйкес, сондай-ақ көп балалы аналарды әлеуметтік қолдау мақсатында облыстық Мәслихаттың кезектен тыс XV сессиясы шешім етті:

1. Төрт және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалары бар көп балалы аналарға тіс протездерін (аса құнды металдардан жасалған протездерден басқа) дайындау және жөндеу үшін біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Төрт және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалары бар көп балалы аналарға қала ішінде, сондай-ақ қала маңы мен аудан ішінде транспортта (таксиден басқа) жүруі үшін әлеуметтік көмек көрсетілсін. 3. Бекітілсін:

1) төрт және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалары бар көп балалы аналарға тіс протездерін (аса құнды металдардан жасалған протездерден басқа) дайындау және жөндеу үшін біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Тәртібі (қосымша № 1);

2) төрт және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалары бар көп балалы аналарға қала ішінде, сондай-ақ қала маңы мен аудан ішінде транспортта (таксиден басқа) жүруі үшін әлеуметтік көмек көрсету Тәртібі (қосымша № 2).

4. Облыс әкімі көп балалы аналарға әлеуметтік көмектің уақытында тағайындалуын және төленуін қамтамасыз етсін.

5. Облыстық Мәслихаттың кезектен тыс IX сессиясының 2001 жылғы 12 қаңтардағы № 98-II "Атырау облысы азаматтарының кейбір санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Тәртібінің ережелерін бекіту туралы" шешімімен жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша бекітілген Тәртіптердің күші жойылған деп танылсын.

Облыстық Мәслихаттың

XVI сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихаттың хатшысы

**Төрт және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалары бар көп балалы аналарға тіс протездерін (аса құнды металдардан жасалған протездерден басқа) дайындау және жөндеу үшін біржолғы әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

Ескерту. Қосымшаның мәтінде "еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау" сөздері "жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар" сөздерімен және "облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халық әлеуметтік қорғау" сөзі "Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар" сөздерімен ауыстырылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2005 жылғы 11 ақпандағы № 191-III шешімімен.

**Жалпы ережелер**

1. Төрт және одан да көп 18 жасқа дейінгі балалары бар көп балалы аналарға тіс протездерін (аса құнды металдардан жасалған протездерден басқа) дайындау және жөндеу үшін біржолғы әлеуметтік көмек (алға қарай-көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмек) жергілікті уәкілді және атқарушы органдардың көп балалы аналарға көрсететін әлеуметтік көмегінің бір түрі болып табылады.

2. Көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмек көрсетудің негізгі мақсаты көп балалы отбасыларын уақытша қаржылық қолдау болып табылады.

3. Көп балалы аналарға заңсыз төленген біржолғы әлеуметтік көмектер пайдаланудағы заңдылықтар белгіленген тәртіп бойынша кінәлі тұлғалардың есебінен орнына келтірілуге жатады.

**Тағайындау тәртібі**

4. Көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмек жылына бір рет тағайындалады және төленеді.

5. Көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмекті тұрғын жердегі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдары көп балалы аналар арыздарының негізінде тағайындайды.

6. Тұрғын жердегі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына төмендегідей құжаттар беріледі:

Әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі жеке арыз;

отбасы құрамы туралы анықтама;

балаларының тууы туралы куәліктерінің көшірмелері;

ортопед-стоматолог дәрігердің тіс протездерін (аса құнды металдардан жасалған протездерден басқа) тегін дайындау және жөндеу қажеттілігі туралы қорытындысы;

стоматологиялық мекемеден тіс протездерін (аса құнды металдардан жасалған протездерден басқа) дайындау және жөндеу жұмыстарының құнын растайтын анықтама.

7. Көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмек тіс протездерін (аса құнды металдардан жасалған протездерден басқа) дайындау және жөндеу жұмыстары Атырау облысының аумағындағы стоматологиялық мекемелерде жасалса ғана тағайындалады.

8. Көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмек алты мың теңгеге дейін төленеді. <\*>

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық Мәслихатының 2005 жылғы 11 ақпандағы № 191-III шешімімен.**

9. Көп балалы аналардың біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі арыздары басқа да қажетті құжаттармен бірге арыз берген күннен бастап 5 күн мерзім ішіндежұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарында қаралады.

10. Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдарының шешімі тиісті хаттамамен ресімделеді және оның қорытындысы арыз берушіге жазбаша хабарланады.

11. Көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тарту жөніндегі шешім заңдылықтарда белгіленген тәртіп бойынша шағымдануға жатады.

### **Қаржыландыру және төлеу тәртібі**

12. Көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмекті қаржыландыру жергілікті бюджеттің осы мақсатқа қаралған қаржысы есебінен жүзеге асырылады. <\*>

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық Мәслихатының 2005 жылғы 11 ақпандағы № 191-III шешімімен.**

13. Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары әр айдың 5 жұлдызына дейін тағайындалған біржолғы әлеуметтік көмек алушылардың санын және осы көмектің өткен айдағы сомасын анықтайды. Біржолғы әлеуметтік көмек алушылардың жиынтық тізімін жасап, оларды әр айдың 10 жұлдызына дейін екінші деңгейдегі банктерге, сонымен қатар қаржы органдарына сұраныстар жібереді.

14. Қаржы органдары жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарының сұраныстарына сай бюджетте осы мақсатқа қаралған қаржы шегінде қаржыландыруды ашады.

15. Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары ағымдағы шоттарына қаржы түскеннен кейін 2 күннің ішінде екінші деңгейдегі банктердің шоттарына көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмек төлеуге қажетті соманы, сонымен қатар жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдары мен екінші деңгейдегі банктердің арасындағы агенттік келісімге сәйкесті комиссиялық сыйақыларды аударады. Екінші деңгейдегі банктер біржолғы әлеуметтік көмектерді жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарынан алған алушылардың тізімдері негізінде және өзін растайтын құжаттарын (төлқұжат, жеке куәлік) көрсеткеннен кейін төлейді.

### **Есеп жүргізу, бақылау және есеп беру тәртібі**

16. Көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмек бойынша есеп жүргізу, бақылау және есеп беруді жүзеге асыру жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына жүктеледі.

17. Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары әр тоқсанның алғашқы айының 10 жұлдызына дейін екінші деңгейдегі банктермен өткен тоқсанда көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмекке төленген төлемдер сомалары бойынша салыстыру актілерін жасайды және қаржы органдарына, сондай-ақ жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне тапсырады. Сонымен қатар, әр айдың 10 жұлдызына дейін белгіленген нысан бойынша есеп тапсырады.

18. Көп балалы аналарға біржолғы әлеуметтік көмек төлеудің дұрыстығына және уақытында болуына өкілетті органдар бақылау жасайды.

Облыстық Мәслихаттың  
кезектен тыс XVI сессиясының  
2002 жылғы 6 ақпандағы  
№ 188-II шешіміне № 2 қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2005 жылғы 11 ақпандағы № 191-III шешімімен.**